

ӘОЖ 376.352

ҒТАМР 14.29.25

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.80.1.039>

НАШАР КӨРЕТІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ЭТНОМУЗЫКА АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

*Даркембаева А.Б.¹, Рысбекова Р.М.², Ибраимова А.К.³

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

^{2,3}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада көру қабілеті бұзылған, оның ішіне нашар көретін 3–4 сынып оқушыларының адамгершілік құндылықтарын халық музыкасы арқылы қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – халық музыкасының тәрбиелік әлеуетін айқындай отырып, оны арнайы білім беру жүйесінде адамгершілік тәрбие құралы ретінде пайдаланудың педагогикалық шарттарын анықтау болды. Зерттеу барысында қазақ халық музыкасының мазмұнына тұлғааралық құндылықтар – достық, адалдық, сенім, мейірімділік, ізгі ниет, ар-ождан – тұрғысынан талдау жасалды. Жұмыстың ғылыми жаңалығы – этномузыкалық материалдарды көру қабілеті бұзылған оқушылардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға бейімделген әдістемелік үлгі ұсынуымызда. Практикалық маңыздылығы – ұсынылған әдістерді музыка сабақтарында, үйірмелерде және қосымша білім беру процесінде қолдануға болады. Зерттеу А.А. Радугинаның құндылықтар классификациясына және музыкалық білім беру мен арнайы педагогика саласының ұстанымдарына сүйене отырып жүргізілді.

Адам қоршаған орта туралы ақпараттың басым бөлігін көру арқылы қабылдайды. Алайда көру қабілетінде бұзылыс болған жағдайда негізгі ақпаратты қабылдау процесі басқа анализаторлардың көмегімен жүзеге асады. Мұндай жағдайда жетекші рөлді есту анализаторы атқарады. Тыңдау – көру қабілеті бұзылған балалардың танымдық әрекетінде маңызды орын алатын негізгі механизмдердің бірі. Осы орайда музыка сабағының шығармашылық сипатта болуы – арнайы білім алушы оқушылар үшін үлкен мүмкіндіктер тудырады. Музыкалық шығарманы тыңдау барысында нашар көретін оқушылар оның мазмұнына, көркемдік-бейнелік ерекшеліктеріне назар аударады, шығармада берілген эмоционалдық көңіл күйді есту арқылы сезінеді. Тыңдалған материал негізінде оқушыларда өз ой-пікірін айту, музыкалық бейнені түсіну, оның мазмұнын бағамдау қабілеттері дамиды. Бұл үрдіс тек есту арқылы қабылдау қабілетін ғана емес, сонымен

қатар адамгершілік құндылықтарды қалыптастырып, дамытуда, музыкалық шығармалар арқылы рухани-мәдени дүниетанымды кеңейтуге мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: Этномузыка, адамгершілік құндылықтар, арнайы білім, нашар көретін оқушылар, педагогикалық шарттар, халық музыкасы, тұлғааралық қарым-қатынас, тәрбиелік ықпал

Кіріспе

Қазіргі жаһандану заманында мектеп оқушыларының бойында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру педагогикалық білімнің басты тақырыптарының біріне айналып отыр. Интернет ресурстары арқылы келіп жатқан ақпараттық толқындар оқушылардың санасына түрлі өнімдер мен қасиеттерді ұсынып жатқандығы сөзсіз. Ал, бұл тұрғыда ұлттық құндылықтар мен тәрбиені жастардың санасына сіңіру үлкен мәселеге айналады. Себебі, дәстүрлі ұлттық құндылықтардың заманауи жаңалықтар мен озық мәдениет кеңістіктерімен бәсекелесуі қиынға соғады. Ұлттық құндылықтар оқушылардан салмақты ой мен терең пайымдауды талап етеді. Олардың адамның өміріне тікелей тигізетін әсері ақырын болады. Ұлттық мәдениет элементтерін қабылдау адамның мінез-құлқы мен жүріс-тұрыстарының оң бағытта дамуына ықпал етеді. Бірақ, оның материалдық өмірдің жақсаруына жасайтын әсері төмен болып табылады. Ал, заманауи технология жаңалықтары мен озық мәдениет элементтерінің жастардың санасына қабылдану үрдісі тез әрі жеңіл болып табылады. Жоғарыдағы аталған факторлар, адамгершілік құндылықтарды жастардың бойында қалыптастырудың қиын екендігін мойындауға шақырады. Бірақ, мектеп педагогикасының басты міндеттерінің бірі оқушылардың санасына ар-ождан бостандығы мен адамгершілік қағидаларын үйретумен өлшенетіндігі анық.

Сонымен қатар, педагогика саласында ұлттық тәрбие құндылықтарын мектеп оқушыларының тең дәрежеде алуы маңызды саналады. Олардың шығу тегі, әлеуметтік дәрежесі, жынысы, ұлттық ерекшеліктері және физикалық даму кемшіліктері білімнің кез-келген қайнар көздеріне қолжетімділігін шектеуге тиіс емес. Бұл отандық педагогикада бекітілген қағидалардың бірі болып табылады.

Этномузыканың тәрбиелік әлеуеті нашар көретін оқушылардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда ерекше орын алады. Себебі, халықтық әуендер арқылы оқушылар ұлттық мәдени дәстүрлермен танысып қана қоймай, рухани-адамгершілік тәжірибені меңгереді. Бұл тұрғыда С.Ұзақбаева ұлттық мәдени дәстүрлердің жас ұрпақ бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудағы мүмкіндіктерін айрықша атап көрсетеді. Музыканың бейнелі тілі олардың эмоциялық қабылдауын дамытып,

ізгілік, мейірімділік, әділеттілік сынды құндылықтарға бағдарлай отырып, элеуметтік ортаға бейімделуіне ықпал етеді. Этномузыканы қолданудың педагогикалық шарттары – оқыту мен тәрбиенің бірлігін қамтамасыз ету, дәстүрлі музыканы құндылық бағдар ретінде пайдалану және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әдістемелік тәсілдерді таңдау болып табылады [1].

Қазіргі білім жүйесінде инклюзивті білім беру үдерісі айтарлықтай дамып келеді. Қоғамда ерекше білім беруді қажет ететін балалардың саны өсіп келеді. Осыған орай, Қазақстанның педагогика жүйесінің әдіс-тәсілдері мен жұмыс жасау тетіктері өзгеруде. Ал, физикалық қабілеті нашар дамыған оқушылармен жұмыс жасаудың әдіснамасы біздің елде бұрыннан қалыптасқан. Бұл ретте нашар көретін оқушылардың мәселесіне айтарлықтай назар аудара отырып, олардың танымдық үдерістерінің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық білімді ұсыну жақсы қалыптасқан. Бірақ, оның әдіснамалық қолдану тәсілдерін жетілдіру туралы түрлі ұсыныстар ғылымда талқыланып жүр. Линда Принг көру қабілеті бұзылған оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін тереңірек түсіну үшін оқу, есте сақтау, бейнелеудің маңыздылығына тоқталып, көру қабілетінің бұзылуымен байланысты күшті және әлсіз жақтарының бар екендігін анықтаған. Зерттеу барысында көрмейтін немесе нашар көретін балалардың ақпараттарды қабылдауында қолданған «дыбысқа негізделген» тәсіл тиімділігін байқатқан. Нәтижесінде баланың есту арнасы арқылы қабылдаған ақпараттарды өңдеуі жылдамырақ болатындығын көрсетті [2]. Нашар көретін оқушылардың адамгершілік құндылықтарын дамытудың тиімді құралы ретінде этномузыка ерекше орын алады. Этномузыка нашар көретін оқушылардың бойында отаншылдық, бауырмалдық, ұят, ар-ождан қасиеттерінің шынайы дамуына жағдай жасайтын білім пәні болып табылады. Этномузыка оқушылардың рухани дүниесінің қоректенуіне әсер ететін құралдардың біріне жатады. Осы этномузыканы біз жоғарыда айтып өткеніміздей «дыбысқа негізделген» әдісті пайдалана отырып, музыка сабағында немесе сыныптан тыс іс-шаралар кезінде музыканы тыңдату арқылы қолданамыз. Вокалдық немесе аспаптық музыканы тыңдау арқылы бала алған ақпаратты ой-елегінен өткізіп, ақпараттарды өңдеп, оның тәрбиелік жағын бойына сіңіріп отырады. Баланың тыңдаған музыкасына байланысты олардың мінез-құлқында, өзін қоршаған ортада өзін ұстауында да айырмашылықтар байқалады. Мысалы, күй тыңдап өскен бала мен заманауи стильдегі музыканы тыңдап өскен баланың мінез-құлқында үлкен айырмашылық бары байқалады. Күй тыңдауға дағдыланған баланың айналасына деген құрметі өзгеше және мінезі байсалды болып тәрбиеленгенін байқаймыз.

Қазіргі таңда Қазақстанның білім жүйесінде дәстүрлі халық музыкаларын мектеп бағдарламаларына кеңінен енгізу және насихаттау арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу қарастырылған.

Бұл мәселе тек қана біздің елімізде ғана емес, барлық ұлттың бала тәрбиелеудегі басты құралы екендігін түрлі зерттеу жұмыстарынан байқаймыз. Мысалы, К.Р.Вольффенбюттельдің зерттеу жұмысын алсақ, онда Бразилияның халық музыкасын білім беруде қолданудың маңыздылығын көрсеткен. Музыканы оқытуда диалогқа әкелетін мүмкіндіктеріне ескере отырып, халық музыкасы мен оның музыкалық білімге енуіне қатысты аспектілерді қарастырады. Бұл мақаласында фольклордың халық өмірі мен тәрбиесіндегі маңызына тоқтала отырып, мүмкін болатын педагогикалық және музыкалық әрекеттерді жоспарлауға қолдау көрсете отырып, тарихи және музыкалық түсініктемелерді біріктіре отырып халық музыкасының әр түрлі жанрларын пайдалануды ұсынады. Атап айтар болсақ, вокалдық және аспаптық музыканы тыңдату арқылы халық музыкасына деген қызығушылықтарын дамытуға болады. Вокалдық музыканың өзіне сентименталды, лирикалық-баяу, брейжейр (бразилиялық вокалдық халық музыкасы), діни, сатиралық, балалар әндері сияқты ән жанрларын қарастыруды ұсынып, бірнеше мысалдар келтіріп көрсеткен [3].

Этномузыкалық мәдениет тұлғаның рухани әлемін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Ибраева К.Е. мен Рысбекова Р.М. жүргізген зерттеулерде этномузыкалық дәстүрлердің студенттердің эмоционалды сезімталдығына, құндылық бағдарларына және шығармашылық әлеуетіне әсері айқындалған. Авторлар этномузыкалық мәдениеттің когнитивтік, мотивациялық, эмоционалды-құндылық және шығармашылық компоненттерін диагностикалау арқылы халық музыкасының жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын көрсетеді. Бұл бағыттағы ғылыми тұжырымдар этномузыканы нашар көретін бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік құндылықтарын дамытуға педагогикалық шарт ретінде енгізудің теориялық негізін күшейтеді [4].

Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында педагогика және әлеуметтік ғылымдардың әдістері кеңінен қолданылды. Зерттеу тақырыбына сай ғалымдардың зерттеу жұмыстары қарастырылып, талданды. Сонымен қатар халық музыкаларының жеке оқушының адамгершілік қасиеттерінің дамуына әсерінің деңгейін анықтауда дедукция әдісі көмектесті. Ал, бірнеше оқушының белгілі бір халық музыкасын тыңдау арқылы дүниетанымын дамытудағы шамасын айқындауға индукция әдісі жәрдемдесті. Сонымен қатар, қазіргі мектеп бағдарламасындағы музыка пәндері бойынша халық

музыкаларына бөлінген жүктеменің көрсеткішін және рөлін талдауда құрылымдық әдіске сүйендік. Салыстырмалы-талдау әдісі этномузыканың нашар көретін балалар мен басқа да ерекше білім беруді қажет ететін балалардың адамгершілік құндылықтарының дамуына ықпалын сараптауға септігін тигізді.

Нәтижелер

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім алуды қажет ететін оқушыларға білім беруді ұйымдастыру – жаһандық деңгейде өзекті болып отырған педагогикалық-әлеуметтік мәселе. Мұндай оқушыларға оқыту үдерісінде арнайы бейімделген әдіс-тәсілдер мен оқыту стратегияларын қолдану олардың тұлғалық дамуын, әлеуметтік бейімделуін және құндылықтық бағдарын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Музыка сабағында инклюзивті тәсілдерді тиімді қолдану осы мақсаттарға қол жеткізудің бір жолы ретінде қарастырылады. Момто, Sutela және Мопонен (2025) жүргізген жүйелі шолу зерттеуінде музыка мұғалімдерінің оқушылардың қажеттіліктеріне сай бала-орталық әдістерді, өзара әрекеттестікке негізделген тапсырмаларды, бірлескен оқытуды және Dalcroze сынды музыкалық тәсілдерді қолдануы ерекше білім алушы оқушылардың эмоционалдық қарым-қатынасын, тұлғалық сенімділігін, топ ішінде өз-өзіне деген бағасын арттырып, жауапкершілік пен эмпатия сияқты әлеуметтік құндылықтардың дамуына ықпал ететінін анықтаған [5].

Сонымен қатар, музыка және қозғалыс педагогикасын негізгі білім беру деңгейінде қолдану да оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамытуда маңызды факторлардың бірі ретінде танылуда. Del Baggio және әріптестері (2024) музыкалық-қозғалыс әрекеттеріне негізделген оқыту барысында балалардың жауапкершілік, құрмет, мейірімділік сияқты адамгершілік құндылықтарды меңгеретінін, сондай-ақ тілдік, психомоторлық және әлеуметтік дағдылардың қатар дамитынын көрсетеді. Авторлар бұл үдерісте оқу бағдарламасының креативтілігі, топтық іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ оқушыларға өзара пікір алмасуға және өзіндік пікір білдіруге мүмкіндік беру – маңызды педагогикалық шарттар ретінде қарастырылатынын атап өтеді [6].

Нашар көретін оқушылардың кез-келген физикалық даму кемшілігіне ие балалар секілді әлеуметтік қарым-қатынасқа енуінде бірқатар мәселелер орын алады. Олардың өзін-өзі толыққанды тұлға ретінде қалыптасу үрдісі ұзаққа созылады. Олардың қоғамдық қатынастарға белсенді енуі үшін білім беру ұйымдарында түрлі педагогикалық тәсілдер қолданылады. Олардың ішінде диалог, ойындар, интерактивті әдістер, мәдени орындарға саяхат және т.б. қатынас түрлері қолданылады. Нашар көретін оқушылардың адамгершілік рухани құндылықтарды қабылдауы ерекше әдістерді талап етеді. Олардың

рухани қасиеттерді дамыту шартында біздің көзқарасымыз бойынша 2 әдіс тиімді саналады: 1. Диалог. 2. Этномузыка [7, 142-б]. Ойындар, интерактивті әдістерге сүйенген сабақтар балалардан көру қабілетіне басым тәуелді болғандықтан, олар әрбір оқушының қимылын жіті қадағалауды талап ететіндігі сөзсіз. Аталған әдістер нашар көретін оқушыны жеке сүйемелдеуге тікелей байланысты болып табылады [8, 613-б].

Ал, жоғарыда көрсетілген екі ерекше тәсіл негізінен есту қабілетіне сүйеніп іске асырылады. Диалог арқылы нашар көретін оқушы өзінің тұлғалық қалыптасу сезімдерін нығайтып, ойын ашық жеткізе алу мүмкіндіктерін дамытады. Диалог әдісі ерекше балалардың тұлғасында демократиялық ұстанымдардың қалыптасуына жағдай жасайды.

Негізінен этномузыка әдісі оқушылардың санасында адамгершілік қасиеттерді дамытуға тікелей ықпал ететін факторлардың қатарына жатады. Нашар көретін оқушылардың есту қабілетінің анағұрлым жоғары дамығандығына күмән келтірмейміз. Олардың музыкаға ынтасы қарапайым балаға қарағанда 1,5 есе артық екендігін американдық ғалымдар дәлелдеген [9, 52-б]. Тек олардың құндылықтарды дамытатын музыкамен әуестенуіне жол ашу маңызды саналады. Нашар көретін оқушылардың музыкадағы қажеттіліктерін этномузыка туындыларымен толықтыру қазіргі педагогиканың білім бағдарламаларының өзекті компоненттерінің бірі екендігі айқын.

Этномузыка туындылары нашар көретін оқушылардың бойында отансүйгіштік, бауырмалдық, жомарттық, үлкенге құрмет, кішіге ізет, жан-жануарларға және табиғат әлеміне құрметпен қарау, шындық үшін күресу, ар-ожданым сақтау, жауапкершілік және ұят ұстанымын арқалау сезімдерін күшейтеді.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік кезеңі Алматы облысы, Есік қаласындағы «№1 облыстық арнайы мектеп-интернатында» және Алматы қаласындағы «Н.Островский атындағы №4 зағип және нашар көретін балаларға арналған арнайы мектеп-интернатында» ұйымдастырылды. Экспериментке көру қабілеті бұзылған, оның ішінде нашар көретін 3-ші сыныптың 46 оқушы қатысты. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау жүргізу мақсатында екі топ алынды — эксперименттік («№1 облыстық арнайы мектеп-интернатында») және бақылау топтары («Н.Островский атындағы №4 зағип және нашар көретін балаларға арналған арнайы мектеп-интернатында»). Әр топта 23 оқушыдан болды. Эксперименттік топқа арнайы әзірленген әдістемелік бағдарлама негізінде сабақтар ұйымдастырылса, бақылау тобына дәстүрлі оқыту тәсілдері қолданылды. Эксперименттік кезеңнің ұзақтығы бір оқу тоқсаны көлемінде жүргізілді. Зерттеу басталар алдында ата-аналардың жазбаша келісімі мен мектеп әкімшілігінің рұқсаты алынды. Бұл рәсім зерттеу этикасы мен қатысушылардың құқықтарын

сақтау мақсатында жүзеге асырылды. Мұндай ұйымдастыру зерттеу нәтижелерінің валидтілігі мен сенімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Бұл кезеңде эксперименттік топта зерттеу жұмысы музыка сабағының оқу процесімен тікелей байланыста жүзеге асырылды. Сабақ барысында арнайы таңдалған этномузыкалық материалдар мен халық әндері, соның ішінде Ақан Серінің «Қараторғай», С.Бәйтерековтің «Сарыарқа» әні, «Көкжайлау» сияқты туындылар қолданылды. Мұндай музыкалық тыңдалымдар оқушылардың адамгершілік сезімдерін дамытуға бағытталған тәжірибелік ықпалдың негізгі құралы ретінде қарастырылды. Ал бақылау тобына дәстүрлі мазмұндағы музыка сабағы жүргізілді, яғни этномузыкалық бағыттағы арнайы және қосымша материалдар енгізілмеді.

Экспериментке дейінгі кезеңінде екі топқа да сауалнама жүргізілді. Сауалнама арқылы оқушылардың адамгершілік құндылықтарды тану деңгейі мен эмоционалды қабылдау ерекшеліктері анықталды. Бұл іс-әрекет зерттеудің негізгі бақылау және салыстырмалы талдау негізін қамтамасыз етті.

Музыка сабағында оқушыларға Ақан Серінің «Қараторғай» әні тыңдатылып, тыңдалған әннің мазмұны мен эмоциялық әсері негізінде қандай адамгершілік құндылықтарды сезініп, қабылдағаны жөнінде сауалнама жүргізілді. Нашар көретін оқушылардың адамгершілік құндылықтарын біз А.А.Радугинаның адамгершілік құндылықтарға берген жіктелмесіне сай қарастырдық [10]. Яғни, зерттеушінің берген жіктелмесіндегі тұлғааралық қарым-қатынас бойынша достық, адалдық, сенім, мейірімділік, ізгі ниет, ар-ождан сияқты 3 сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай категорияларына баса назар аудардық. Сауалнама қорытындысы төмендегі кестеде көрсетілген (Кесте - 1).

Кесте 1. Нашар көретін оқушылардың адамгершілік құндылықтарды тану деңгейі

№	Зерттелушілердің ұғынған құндылық түрлері	А.А. Радугина жіктелмесі бойынша тұлғааралық құндылықтар	Негіздеме	Эксперименттік топ (n=23)	Бақылау тобы (n=23)
1	Жан-жануарларға құрмет	Мейірімділік, Ізгі ниет	Басқа тіршілік иесіне деген ізеттілік пен жауапкершілік сезімін қамтиды.	7/31%	4 / 17%
2	Адам мен жануарлар арасындағы махаббат	Сенім, Ізгі ниет, Достық	Сенімді әрі сүйіспеншілікке негізделген қарым-қатынас бейнеленеді.	5/22%	3 / 13%

3	Жан-жануарларды аяу, қорғау	Мейірімділік, Ар-ождан	Өлсізді қорғауға ұмтылу – моральдық борыш пен мейірімділік көрсеткіші.	4/17%	3 / 13%
4	Жан-жануарларды қадірлеуге шақыру	Адалдық, Ізгі ниет, Мейірімділік	Өзгеге ізгілік тілей отырып адамгершілік үндеу жасау.	4/17%	2 / 9%
5	Сағыныш	Сенім, Достық	Сағыныш – эмоционалды байланыс пен тұрақты адамаралық қатынастың белгісі.	3/13%	2 / 9%

Көріп отырғанымыздай, эксперименттік топтағы оқушылардың адамгершілік құндылықтарды тану деңгейі бақылау тобына қарағанда жоғары. Эксперименттік топта эмоционалды және тұлғааралық құндылықтарға қатысты жауаптар жиілігі орта есеппен 1,5 есеге жоғары болды. Бұл көрсеткіш Ақан Серінің «Қараторғай» сияқты этномузыкалық туындыларды тыңдату мен олардың мазмұнын педагогикалық тұрғыдан талдау оқушылардың адамгершілік сезімдерін белсенді дамытуға ықпал еткенін көрсетеді. Бақылау тобында оқушылардың жауаптары дәстүрлі музыка сабағында алынғандықтан, олардың құндылықтық ұғынуы көбіне танымдық деңгейде ғана қалып қойған. Ал эксперименттік топта бұл ұғыну эмоционалды және эмпатиялық сипатта тереңдеген.

Жалпы салыстырмалы нәтижелер бойынша, эксперименттік ықпал енгізілгеннен кейін адамгершілік құндылықтарды тану деңгейінің жалпы көрсеткіші эксперименттік топта 20–25% жоғары болғаны анықталды. Бұл айырмашылық этномузыкалық материалдарды сабақ үдерісіне мақсатты түрде енгізудің педагогикалық тиімділігін дәлелдейді.

Зерттеу барысында оқушылардың жауаптарына сапалық талдау жасалды. Олар тарапынан айтылған құндылықтық түсініктер А.А. Радугинаның жіктемесімен салыстырылып, тұлғааралық қарым-қатынас аясындағы адамгершілік бағдарлармен тығыз байланыста екені анықталды.

Ең көп тандалған құндылық – «жан-жануарларға құрмет» (31%) – А.А. Радугина жіктемесіндегі мейірімділік және ізгі ниет ұғымдарына толық сәйкес келеді. Себебі бұл жауапта басқа тіршілік иесіне деген қамқорлық, құрмет пен жауапкершілік сынды тұлғалық қасиеттер көрініс тапқан.

«Адам мен жануарлар арасындағы махаббат» (22%) оқушылардың сезімдік деңгейде табиғатқа, оның ішінде құстарға деген ішкі сүйіспеншілігі мен сенімді қарым-қатынасының көрінісі ретінде сенім, достық және ізгі

ниет құндылықтарына жақын. Бұл балаларда эмпатия мен тұлғааралық байланыстың терең деңгейде дамып келе жатқанын көрсетеді.

«Жан-жануарларды аяу және қорғау» (17%) — мейірімділік пен ар-ождан категорияларымен байланыстырылады. Бұл жауаптар оқушылардың қорғансыз тіршілік иелеріне көмектесуге дайын екенін, ішкі моральдық жауапкершілік сезімі қалыптасып келе жатқанын білдіреді.

«Жан-жануарларды қадірлеуге шақыру» (17%) – бұл ұстаным адалдық, мейірімділік және ізгі ниет сынды тұлғааралық құндылықтарға сәйкес келеді. Бұл жауапта тек жеке қабылдау ғана емес, қоғамға үндеу, өзгелерді де адамгершілікке шақыру сынды белсенді моральдық позиция байқалады.

Ал «сағыныш» (13%) сынды эмоциялық-эстетикалық реакция – оқушылардың ішкі жан дүниесінде сенім мен достыққа негізделген тұрақты эмоционалдық байланыстар бар екенін көрсетеді. Бұл – тұлғааралық қатынастарда тұрақты сезімдерге бейімділік пен терең эмоциялық қабылдаудың дәлелі.

Сонымен қатар біз зерттеу аясында нашар көретін 3-ші сынып оқушыларының арасында да басқа музыкалық шығарманы тыңдату арқылы этномузыканың оқушылардың дүниетанымын кеңейту және тұлғааралық құндылықтарын қалыптастыруға ықпалы зор екенін байқадық. Атап айтқанда, Шөмішбай Сариевтің сөзіне жазылған, Сейдолла Бәйтерековтің «Сарыарқа» әнін тыңдату арқылы оқушылардың туған жерге деген танымдық, сезімдік және рухани қатынасы айқындалды (Кесте - 2).

Кесте 2. Нашар көретін оқушылардың туған жерге деген сезімдері мен құндылықтарды тану нәтижелері

№	Зерттелу-шілердің ұғынған құндылық түрлері	А.А. Радугина жіктемесі бойынша тұлғааралық құндылықтар	Негіздеме	Эксперименттік топ (n=23)	Бақылау тобы (n=23)
1	Сарыарқаның географиялық сипаты мен табиғи байлығы	Ізгі ниет, Сенім	Туған жердің байлығын сезіну мен оған құрмет – рухани дүниетаным мен сенімнің негізі.	7/41%	4 / 17%
2	Туған жердің кез келген бөлігін құрметтеу	Достық, Мейірімділік, Адалдық	Жалпыұлттық бірлік пен ортақ құндылықтарды сезіну, бүкіл елге деген құрмет.	5/29%	3 / 13%
3	Сарыарқаның тарихи-мәдени ерекшелігі	Ар-ождан, Сенім, Мейірімділік	Ұлттық құндылықтар мен тарихи жадыны ұғыну – ар-ождан мен рухани байланыстың көрінісі.	2/12%	1 / 4%

4	Туған жерді сүйеге, қадірлеуге шақыру	Ізгі ниет, Адалдық, Мейірімділік	Туған өлкеге деген сүйіспеншілік пен құрмет – тұрақты тұлғалық бағдардың көрінісі.	3/18%	2 / 9%
---	---------------------------------------	----------------------------------	--	-------	--------

Эксперименттік топтағы нашар көретін оқушылар туған жерге деген сезімдер мен құндылықтарды бақылау тобына қарағанда айқын жоғары деңгейде ұғынған. Әсіресе туған жердің табиғи байлығын, тарихи-мәдени ерекшеліктерін және жалпыұлттық құндылықтарды бағалау бойынша эксперименттік топтағы оқушылардың көрсеткіштері едәуір күшті болды. Бұл нәтиже музыка сабақтарында тәрбиелік бағыттағы музыкалық материалдарды қолданудың тиімділігін, оқушылардың эмоционалды және танымдық реакцияларын дамытуды көрсетеді. Сонымен қатар, музыкалық шығармалар арқылы ұлттық және адамгершілік құндылықтарды оқушыларға жеткізу олардың жеке тұлғалық дамуында, эмоционалды интеллектінің қалыптасуында және патриоттық сезімін нығайтуда маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді.

Сауалнама қорытындысы бойынша эксперименттік топтағы оқушылардың 41%-ы «Сарыарқа» әнінің географиялық-танымдық мазмұнын, яғни Қазақстанның орталық өңірін сипаттайтын өлке ретіндегі мәнін дұрыс қабылдап, туған жердің табиғи байлығын тануға бейім екендігін көрсетті. Бұл жауаптар оқушылардың туған өлке туралы нақты білімді игеруімен қатар, ізгі ниет және сенім сияқты тұлғааралық құндылықтарды меңгеруінің дәлелі бола алады. Себебі географиялық және табиғи кеңістікті тану баланың туған жеріне деген танымдық және құндылықтық көзқарасын қалыптастырады (А.А. Радугина, 2000).

Оқушылардың 29%-ы ән мазмұнын бүкіл еліміздің кез-келген аймағына құрмет көрсетуге бағытталған универсал құндылық ретінде бағалаған. Мұндай түсінік достық, мейірімділік, адалдық сияқты құндылықтардың мазмұндық өрісін көрсетеді. Бұл жауаптар оқушылардың ән арқылы туған жер ұғымын кең ұғынып, оны әлеуметтік-психологиялық байланыс аясында қабылдауға қабілетті екенін дәлелдейді.

Ал 12% оқушы Қазақстанның ең үлкен тарихи-географиялық аймағы ретіндегі ерекшелігін атап өтіп, Сарыарқаның тек табиғи емес, тарихи-мәдени маңызын сезіне алған. Мұндай қабылдау ар-ождан, сенім және мейірімділік тәрізді құндылықтарды меңгеруге сеп болады. Бұл жауаптар этномузыканың когнитивтік қабылдауға ғана емес, тарихи сана мен ұлттық сәйкестікті ұғынуға да әсер ете алатынын байқатады.

Оқушылардың 18%-ы әнді туған жерге деген сүйіспеншілік, құрмет және қадірлеуге шақыратын туынды ретінде қабылдаған. Мұндай көзқарастар балалардың бойында ізгі ниет, адалдық, достық және мейірімділік сияқты

тұлғааралық моральдық бағдарлардың орныққанын көрсетеді. Әсіресе, туған жерді сүйу мен құрметтеу сезімі — адамның рухани-адамгершілік дамуындағы маңызды көрсеткіштердің бірі.

Эксперименттік жұмыстың нәтижелерін нақтылау және сабақ барысында қолданылған әдістің тиімділігін бағалау мақсатында бастапқы сауалнама кейін эксперименттік және бақылау топтарында қайта жүргізілді. Бұл кезеңде оқушылардың адамгершілік құндылықтарды тану деңгейіндегі өзгерістерді салыстыруға мүмкіндік туды. Соңғы сауалнама нәтижелері музыка сабағы арқылы жүргізілген тәрбиелік әсердің эксперименттік топқа оң ықпалын көрсететінін анықтау үшін қолданылды, ал бақылау топтағы көрсеткіштер салыстырмалы түрде тұрақты болып қалды.

Кесте 3. Нашар көретін оқушылардың адамгершілік құндылықтарды тану деңгейі (салыстырмалы нәтижелері)

№	Зерттелушілердің ұғынған құндылық түрлері	ЭТ (n=23) Экспериментке дейін	ЭТ (n=23) Эксперименттен кейін	БТ (n=23) Экспериментке дейін	БТ (n=23) Эксперименттен кейін
1	Жан-жануарларға құрмет	7/31%	12/52%	4 / 17%	5 / 22%
2	Адам мен жануарлар арасындағы махаббат	5/22%	10/43%	3 / 13%	4 /17%
3	Жан-жануарларды аяу, қорғау	4/17%	9/39%	3 / 13%	3 /13%
4	Жан-жануарларды қадірлеуге шақыру	4/17%	8/35%	2 / 9%	2 / 9%
5	Сағыныш	3/13%	7/30%	2 / 9%	3 / 13%

Кесте 4. Нашар көретін оқушылардың туған жерге деген сезімдері мен құндылықтарды тану нәтижелері (салыстырмалы нәтижелері)

№	Зерттелушілердің ұғынған құндылық түрлері	ЭТ (n=23) Экспериментке дейін	ЭТ (n=23) Эксперименттен кейін	БТ (n=23) Экспериментке дейін	БТ (n=23) Эксперименттен кейін
1	Сарыарқаның географиялық сипаты мен табиғи байлығы	7/41%	15 / 65%	4 / 17%	5 / 22%
2	Туған жердің кез келген бөлігін құрметтеу	5/29%	12 / 52%	3 / 13%	4 / 17%
3	Сарыарқаның тарихи-мәдени ерекшелігі	2/12%	8 / 35%	1 / 4%	2 / 9%
4	Туған жерді сүйуге, қадірлеуге шақыру	3/18%	10 / 43%	2 / 9%	3 / 13%

Жоғарыдағы 3 және 4 кестелерден байқап отырғанымыздай, эксперименттік топтағы нашар көретін оқушылардың адамгершілік және туған жерге деген құндылықтарды тану деңгейі сауалнама экспериментінен

кейін айтарлықтай өскен. Атап айтқанда, жан-жануарларға құрмет, махаббат, әлсіздерді қорғау, қадірлеуге шақыру және сағыныш сияқты адамгершілік қасиеттердің тану деңгейі эксперименттік топта 30–50% аралығында өсім көрсеткен, ал бақылау тобында тек сәл ғана өзгерістер тіркелген (5–13%). Сол сияқты, туған жерге қатысты құндылықтар бойынша да эксперименттік топтағы оқушылардың көрсеткіштері айтарлықтай жоғарылап, кейбір критерийлерде 65% деңгейіне жеткен, ал бақылау тобында өзгеріс минималды болып қалған. Бұл нәтижелер музыка сабағында жүргізілген арнайы педагогикалық ықпал мен бағытталған іс-әрекеттердің эксперименттік топқа айқын позитивті әсер еткенін және тәжірибелік жұмыстың тиімділігін дәлелдейді.

Жалпы талдауға сүйенсек, «Сарыарқа» әні арқылы алынған жауаптар оқушылардың тек когнитивтік білімін ғана емес, тұлғааралық құндылықтар жүйесін қабылдай алу деңгейін де нақты бейнелеп берді. А.А. Радугина сипаттаған тұлғааралық құндылықтардың (мейірімділік, сенім, достық, адалдық, ізгі ниет, ар-ождан) көпшілігі оқушылар жауаптарында нақты көрініс тапты.

Жалпы, оқушылар ұғынған барлық құндылықтар Радугина ұсынған тұлғааралық бағыттағы моральдық бағдарлармен тығыз байланыста екені байқалады. Бұл – музыкалық тыңдалым негізінде нашар көретін оқушылардың тек эстетикалық әсер ғана емес, терең адамгершілік түсініктерді де бойына сіңіре алатынын дәлелдейді. Аталған фактілер музыка сабағында іріктелген шығармалардың тәрбиелік құндылығын арттыру қажеттілігін, сонымен бірге балалардың ішкі дүниесіне бағытталған мақсатты педагогикалық ықпалдың тиімділігін көрсетеді.

Біздің көзқарасымыз бойынша бүгінгі педагогика білімінің басты негізгі ұстанымдарының бірі оқушылардың арасында бауырмашылдық, көпшілдік, қиын кезде жәрдемдесу секілді адами қасиеттерді дамытумен өлшенуі тиіс. Себебі, қазіргі интернет білімі, нарықтың даму ағымы адамдарды жеке тұлғалық дамуға және меркантилизм қағидасымен жүруге баулиды. Осы жөнінде ресейлік педагог ғалым М.Е. Минова (2012) өзінің жарияланамында атап өткен болатын. М.Е. Минова алдағы уақыттары жасөспірімдердің бойында көпшілдік, ұжымшылдық секілді бұрыннан бар қасиеттерді көру қиынға соғатындығын пайымдайды [11, 235-6]. Бұл нашар көретін оқушылардың ахуалына да тікелей қатысты. Олар негізгі ақпарат көздерін есту мүшесімен алатындығы түсінікті. Ақпарат көздерін телеарна, интернет ресурстарындағы аудио және видео фильмдер арқылы қабылдайды. Сонымен қатар, оларға тәрбиелік сөздерді отбасыда ата-аналары сіңіреді. Ал, қазіргі 30-40 жас арасындағы ата-аналардың басым көпшілігінің рухани саналарының материалдық құндылықтармен өлшеніп кеткендігі жасырын емес.

Педагогика саласының ғалымы Л.И. Аббасованың пікірі бойынша қазіргі ата-аналардың отбасылық басқосулардағы балаларына айтатын негізгі кеңестері төмендегідей болып табылады: топтық басқосулардан алыс жүру, жеке басының қамын бірінші орынға қою, жанжалдардан қашық тұру, біреуге артық көмектеспей немесе сені пайдаланып кетеді, біліп тұрсаң да біреудің кемшілігін айтпау, досыңа сенбе және тағы сол сияқты [12].

Жоғарыда аталған ғалымның пікірінде шындық бар деуге негіз табылады. Әсіресе, физикалық кемістігі бар балаларға ата-аналарының беретін кеңесі сақтану, қорғану, жасырыну формаларында өрбиді. Бұның бір жағынан пайдасы болғанымен, басым ретте баланың жан-жақты әлеуметтенуі мен өмірлік жүзеге асуларына кедергі жасайды. Жоғарыда атап өткен тәрбиелік кеңестердің орнын шынайы адамгершілік құндылықтарымен толықтыруда нашар көретін оқушыларға этномузыка көмек қолын созады. Қазақ халқының этномузыка қорында көпшілдік, бауырмалдық пен қонақжайлыққа тәрбиелейтін туындылар көп. Қонақжайлық адамгершілік қасиеттің көптеген элементтерін бойына жинақтаған мінез-құлық түрі болып табылады. Оның құрамына жомарттық, кішіпейілділік, бауырмалдық, көпшілдік қасиеттері енеді. Бүгінгі таңда қазақ халқының ежелден келе жатқан осы мінез қасиеті қоғамда жоғалып бара жатқан құбылысқа айналууда. Нашар көретін оқушыларға қонақжайлық, көпшілдікке шақыратын этномузыкаларды тыңдату және мұғаліммен бірге талдау кейінгі табыстың кепілі болып саналары сөзсіз [13, 33-б].

Жастарды қонақжайлыққа тәлімдейтін этномузыканың бірі «Көкжайлау» болып табылады. Аталған музыка қазақ халқының жайлауға көшкендегі бір-бірінің үйлеріне емін-еркін еніп қымыз ішу, түрлі ойындарды ойнаудан қымсынбай қимылдар жасауынан хабар береді. Осы орайда біз жоғарыда аталған мектеп-интернаттың оқушыларына «Көкжайлау» әнінде сипатталған қонақжайлық, меймандостық қасиеттерді қазір қандай әрекеттермен алмастыру жөнінде сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға 14 нашар көретін оқушы қатысты. Қатысқан оқушылардың жауаптары төмендегідей болды: 5 оқушы – демалыс күндері достарын үйге қонаққа шақыруға, 4 оқушы – мектептің асханасында достарымен тәттілерді бірге бөлісіп жеуге, 2 оқушы – жақсы көретін кітаптарын сыйлыққа беру, 2 оқушы – қажет кезде спорт киімдерімен достарымен бөлісу, 1 оқушы – қаланың көрікті жерлеріне ата-анасымен саяхатқа достарын бірге алып шығу. Нәтижесінде сауалнамаға қатысқан оқушылардың жауаптары балалардың халық музыкасын тыңдау арқылы рух алғандығын және қонақжайлық, көпшілдік қасиеттерінің өз бойларында артқандығын айшықтайды.

Л.С. Выготскийдің айтуынша балалардың санасында түрлі жолдармен адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда мұғалім ерекше рөл ойнайды. Мұғаліммен жүйелі қарым-қатынас негізінде оқушы түрлі

қабілет деңгейлеріне қарамастан ар-ождан туралы ақпаратты меңгеріп шығады [14]. Бұл ретте музыка пәнінің мұғалімінің педагогикалық біліктілігі және пән бағдарламасының мазмұны айтарлықтай маңызды роль атқарады. Қазақстанның білім жүйесінде музыка пәніне 1-6 сыныптар арасында аптасына 1 сағат уақыт бөлінген. Жылдық жүктемеде 34 сағат қарастырылған. Бөлінген 34 сағаттық бағдарламаның 13 сағатында халық аспаптары мен әндерін талқылау мақсатталған. Біздің көзқарасымыз бойынша нашар көретін оқушылар оқитын арнайы мектептердегі музыка пәнінің бағдарламасына өзгерістер енгізіп, ондағы халық музыкаларының сағатын арттыру қажет деп тұжырымдаймыз. Бұл нашар көретін оқушылардың рухани қабілетінің толығыуы мен жаңаруына жол ашады.

Сонымен қатар, әр халықтың өзінің төл музыкалық аспаптары бар. Қазақ халқының фольклорлық аспаптарына домбыра, қобыз, жетіген, саз сырнай, шаңқобыз, шертер, сыбызғы және т.б. жатады. Музыкалық шығармаларды тыңдау барысында оның қай аспаппен орындалғанына да мән беріп, ол аспаптың шығу тарихы туралы әңгімелеп, мағлұматтар беріп отырсақ, онда оқушылардың бойына өз халқының фольклорлық мұралары мен ұлттық құндылықтарына деген сүйіспеншіліктерін де арттырып отыратынымыз сөзсіз.

Талқылау

Жоғарыдағы нәтижелердегі талдаулар нашар көретін оқушылардың ортасында этномузыканы қолдану арқылы адамгершілік құндылықтарды дамытудың мүмкіндіктері сараланды. Ол бойынша халық музыкаларының тиімді әсер ететіндігі анықталды. Бұл білім үрдісін одан әрі жылжыту кешенді шараларды талап етеді. Бірінші кезекте нашар көретін оқушылар оқитын мектептердегі музыка үйірмелерінің қызметін жандандыру және олардың жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізу. Бірінші кезекте, дәстүрлі этномузыкаларды енгізу және олардың мән-мағынасын кең талқыға салу міндетін қолға алуды атаймыз.

Сарапшы А.В. Малиновскийдің айтуынша ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың адамгершілік құндылықтарын арттыру олардың қоғамдық ортаға енуіне жағдай жасайтын бірден бір фактор саналады [15]. Ұлттық негіздегі адамгершілік құндылықтардың балалар ортасында жаңғыруы қоғамда кішіпейілділік, өзара көмек, достық, бауырмалдық, қажетті заттармен бөлісу, шынайы ықыласпен көңіл аудару т.б. құндылықтардың дамуына жетелейді. Бұл бір жағынан мектептердегі тәрбие қызметінің реттелуі мен ілгерілеуіне септігін тигізеді. Білім жүйесіндегі адамгершілік құндылықтарды ұлғайту бірінші кезекте мектептегі тәрбие қызметімен тікелей байланысты. Тәрбие қызметінің жақсаруына тарих, денешынықтыру, музыка, еңбек сабақтары қосымша ат салысады. Ал,

халық музыкаларының мектептердегі музыка үйірмелері мен сабақтарында тиімді орындалу және қолдау табуы тәрбие үдерісінің дамуына ықпал жасайтындығы сөзсіз.

Мектептің негізгі міндеттерінің бірі тәрбиелі тұлғаны қалыптастырып шығару екендігі түсінікті. Тәрбие мен білім егіз ұғым. Білімді алу үшін тәртіп керек. Тәртіп ол тәрбиенің басты қызметтерінің бірі. Халық музыкасының мазмұны нашар көретін оқушылардың тәрбиесін түзету мен дамытуға ықпал ететін құралдардың санатынан орын алады. Қазақ халқының халық музыкаларында сабырлы болуға шақыру, қанағатшылдыққа үйрету, болашақтан үміт үзбеу, болған нәрсеге өкінбеу, бар болса тасымау құндылықтарына шақыратын сарындар басым. Оларды есту, сезіну және санамен түсіну мұғалім мен оқушы арасындағы шынайы диалогқа байланысты екендігін ұғындық.

Бүгінгі таңда этномузыка арқылы нашар көретін оқушылардың адамгершілік дүниесін дамыту Еуропа, Ресей, Түркия сияқты бірнеше мемлекеттерінің педагогикалық жүйелерінде кең қолданысқа енген. Аталған елдерде халық музыка аспаптары мен әндері, әуендері арқылы тұлғаны қалыптастырып шығару педагогикалық заңдылыққа айналған. Бұл Қазақстанның білім саласында да оңтайлы бағытта қолға алынған және нәтижелерді көрсетуде.

Бұл пікірімізге дәлел ретінде Қазақстандағы инклюзивті білім берудің соңғы жылдардағы жетістіктерін атауға болады. Қазақстан посткеңестік елдердің ішінде алдыңғы қатарда инклюзивті білім беруге кешенді назар аударған елдердің бірі. Қазақстанның барлық қалаларында инклюзивті білім беру орталықтары ашылған және бұл саланы дамытуға үлкен мемлекеттік қаржылар бөлінген. Ендігі біздің тарапымыздан айтылатын ұсыныс – инклюзивті білім беру мекемелеріндегі музыка сабақтарына этномузыка элементтерін басымырақ енгізу және осы мақсатта музыка мектептерімен тығыз жұмыстар жасау. Бұл қадамның жүйелі рухани-тәрбие құндылықтарын өндіруге қол жеткізетіндігінде күмән жоқ.

Талқылау нәтижесінде алған пікірімізді басқа да зерттеушілердің эмпирикалық зерттеулермен растай аламыз. А.Даркембаева, Л.Бутабаевалардың зерттеуінде этномузыкалық материалдарды пайдалану арқылы нашар көретін оқушылардың адамгершілік құндылықтарын дамыту тиімді екендігі көрсетілген. Мысалы, балалардың фольклорлық әндер арқылы топтық іс-әрекеттерде өзара сыйластық, көмек көрсету және эмоциялық қолдау көрсету дағдылары қалыптасқан. Сондай-ақ, Sharqawi, Hammad & Harafsheh зерттеуі бастауыш сынып оқушыларына арналған музыка бағдарламаларының моральдық құндылықтарға ықпалын бағалап, музыка сабақтарының адамгершілік тәрбиеде оң нәтижеге әкелетінін дәлелдеген. Осы зерттеулерді ескере отырып, Қазақстандағы арнайы

мектептерде музыка сабақтарына этномузыка элементтерін кеңінен енгізу оқушылардың адамгершілік және әлеуметтік дағдыларын дамытуға нақты мүмкіндік беретіндігі айқын көрінеді.

Қорытынды

Жоғарыдағы пайымдарға қорытынды жасай отырып, нашар көретін балалардың ұжымында тәрбие құндылықтарының артуына этномузыканың салмақты әсер ететіндігін растадық. Зерттеу жұмысын іске асыру барысында эксперименттік жұмыстар қолға алынды және олар күткен нәтижелерге қол жеткізді. Нашар көретін оқушыларға халық музыкаларын тыңдау ұсынылды және олардан алған сезімдерімен бөлісу мүмкіндігі қарастырылды. Оқушылар музыкалардың мән-мағынасын талдай алатындықтарын көрсетті. Оқушылардың басым бөлігі халық музыкаларының туған жерді құрметтеу, кішіпейіл, қонақжай болуға шақыратындығын атап көрсетті.

Біздің көзқарасымыз бойынша этномузыкаларды тек нашар көретін оқушылар ұжымында ғана емес, жалпы білім беретін мектептердегі қалыпты балаларға музыка сабақтарында кеңінен қолға алу, жалпы білім саласындағы тәрбиенің жақсаруына септігін тигізетін фактор болып табылады. Халық музыкаларын тыңдау, оны орындау және қоғамның ықыласына бөлену үдерістері тәрбие құндылықтарына серпін беретін құбылыс болып табылады. Этномузыка туындыларының мазмұны тыңдарманды адамгершіліктің барлық қағидаларына үйретеді. Ал, адамгершіліктің заңмен жазылмаған қағидаларын меңгеру, болашақ тұлға үшін үлкен ресурс екендігі белгілі. Осыған орай, этномузыкаларды жаңғырту және социумда кең насихаттау бұл қоғамдағы келеңсіз қайшылықтардың алдын-алуға жетелейтін көп құралдардың біріне жатады. Бұл, әсіресе тұлғалық бейнесі қалыптасып келе жатқан оқушылар үшін аса маңызды ұстаным.

ӘДЕБИЕТ

[1] Узакбаева С.А., Абдикаримова А.Қ. Ұлттық мәдени дәстүрлердің бастауыш сынып оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі мүмкіндіктері // Педагогика және психология. – 2020. – № 4 (59). – Б. 197–210.

[2] Pring L. Psychological characteristics of children with visual impairments: learning, memory and imagery // The British Journal of Visual Impairment. – 2015. – Vol. 26, № 2. – P. 161–171. [Date of access: 03.06.2025]

[3] Wolffenbüttel C. R. Music Education and Folk Music // International Journal of Social Science Studies. – 2021. – Vol. 9, № 1. – P. 64–70. [Date of access: 03.06.2025]

[4] Ибраева К.Е., Рысбекова Р.М. К вопросу психолого-педагогической диагностики уровня этномузыкальной культуры будущих учителей в вузе // Педагогика және психология. – 2023. – № 3 (70). – Б. 109–126.

[5] Mommo O., Sutela K., Mononen R. Inclusion and pedagogical support for students with special educational needs in music lessons: a systematic review // *Research Studies in Music Education*. – 2025. – Vol. 27. – P. 1–22.

[6] Del Barrio L., Arús M. E. Music and Movement Pedagogy in Basic Education: A Systematic Review // *Frontiers in Education*. – 2024. – Vol. 9. – Art. 1403745. [Date of access: 08.06.2025]

[7] Позняков В. В. Поликультурный ракурс. Социокинетика: Лидерство в детском движении: время и ценности. – М.: 2004. – С. 142–152.

[8] Kozhakhmetova K., Ortayev B., Kaliyeva S., Utaliyeva R., Jonissova G. Ethnic pedagogy as an integrative, developing branch of pedagogy // *Mediterranean Journal of Social Sciences*. – 2015. – Vol. 6, № 1. – P. 612–619. [Date of access: 09.06.2025]

[9] Божович Л. И. Проблемы формирования личности. – Воронеж: МОДЭК, 2017. – 352 с.

[10] Радугина А.А. Педагогическая психология. – М.: Академия, 2001. – 256 с.

[11] Минова М. Е. Педагогические условия формирования нравственных ценностных ориентаций подростков в детском общественном объединении // *Вестник КГУ им. Н.А. Некрасова*. – 2012. – Т. 18. – С. 232–237.

[12] Аббасова Л. И. Педагогические условия формирования нравственной воспитанности дошкольников на традициях этнопедагогике // *Педагогика*. – 2019. – № 37. – С. 3–9.

[13] Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования. – Алматы: Білім, 2000. – 380 с.

[14] Выготский Л. С. Воображение и творчество в детском возрасте. – СПб.: Союз, 1997. – 95 с.

[15] Малиновский А. В. Этическая метанорма // *Социокинетика: Лидерство в детском движении: время и ценности*. – М.: 2004. – С. 153–163.

REFERENCES

[1] Uzakbayeva S.A., Abdikarimova A.Q. Ultyq madeni дәstürlerdiñ bastauysh synyp oқushylaryn rukhani-adamgershilikke tarbielewdegi mümkindikteri \[Possibilities of national cultural traditions in the spiritual and moral education of primary school students] // *Pedagogika zhane psikhologiya (Pedagogy and Psychology)*. – 2020. – №4 (59). – В. 197–210. [in Kaz.]

[2] Pring L. (2015) Psychological characteristics of children with visual impairments: learning, memory and imagery. *The British Journal of Visual Impairment*. - Vol. 26(2). – P.161–171. [Date of access: 03.06.2025]

[3] Wolffenbüttel C. R. (2021) Music Education and Folk Music. *International Journal of Social Science Studies*. - Vol. 9, No.1. [Date of access: 03.06.2025]

[4] Ibraeva K.E., Rysbekova R.M. K voprosu psikhologo-pedagogicheskoy diagnostiki urovnya etnomuzykal'noy kultury budushchikh uchiteley v vuze [On the issue of psycho-pedagogical diagnostics of the level of ethnomusical culture of future teachers at university] // *Pedagogika zhane psikhologiya (Pedagogy and Psychology)*. – 2023. – №3 (70). – B. 109–126.

[5] Mommo O., Sutela K., Mononen R. Inclusion and pedagogical support for students with special educational needs in music lessons: a systematic review // *Research Studies in Music Education*. – 2025. – Vol. 27, P. 1-22.

[6] Del Barrio L., Arús M. E. Music and Movement Pedagogy in Basic Education: A Systematic Review // *Frontiers in Education*. – 2024. – Vol. 9. – Art. 1403745. [Date of access: 08.06.2025]

[7] Poznâkov V. V. Polikûlturnyi rakurs. Sosiokinetika: Liderstvo v detskom dvijenii: vremä i senosti - Multicultural perspective. Sociokinetics: Leadership in the children's movement: time and values]. – M.: 2004. – S. 142-152. [in Rus.]

[8] Kozhakhmetova K., Ortayev B., Kaliyeva S., Utaliyeva R., Jonissova G. (2015). Ethnic pedagogy as an integrative, developing branch of pedagogy, *Mediterranean Journal of Social Sciences*. - Vol. 6, No.1. – P. 612-619. [Date of access: 09.06.2025]

[9] Bojovich L. Ī. Problemy formirovaniya lichnosti [Problems of personality formation]. Voronej: MODEK, 2017. – 352 s. [in Rus.]

[10] Radugina A.A. Pedagogicheskaya psikhologiya [Pedagogical Psychology]. — Moscow: Akademiya, 2001. — 256 p. [in Rus.]

[11] Minova M. E. Pedagogicheskie uslovia formirovaniya npravstvennyh senostnyh orientasi podrostkov v detskom obşestvennom obedineni [Pedagogical conditions for the formation of moral value orientations of adolescents in children's public association]. *Vestnik KGU im. N.A. Nekrasova*, 2012. Tom. 18. S. 232-237. [in Rus.]

[12] Abbasova L. Ī. Pedagogicheskie uslovia formirovaniya npravstvennoi vospitanosti doşkölnikov na tradisiah etnopedagogiki. *Pedagogika*, 2019. - № 37. - S. 3-9. [in Rus.]

[13] Taubaeva T. Issledovatel'skaia kultura uchitelia [Research culture of the teacher]. Almaty: Bilim, 2000. – 380 p. [in Rus.]

[14] Vygotski L. S. Voobrajenie i tvorcestvo v detskom vozraste [Imagination and creativity in childhood] SPb.: Soiuz, 1997. – 95 s. [in Rus.]

[15] Malinovski A. V. Eticheskaja metanorma [Eticheskaja metanorma]// *Sosiokinetika: Liderstvo v detskom dvijenii: vremä i senosti*. – M.: 2004. – S. 153-163. [in Rus.]

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ НРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ СЛАБОВИДЯЩИХ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ЭТНОМУЗЫКУ

*Даркембаева А.Б.¹, Рысбекова Р.М.², Ибраимова А.К.³

^{*1}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

^{2,3}Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается проблема формирования нравственных ценностей у учащихся 3–4 классов с нарушением зрения, в том числе слабовидящих, посредством казахской народной музыки. Цель исследования – определить педагогические условия использования воспитательного потенциала народной музыки как средства нравственного воспитания в системе специального образования. В ходе исследования был проведён анализ содержания казахской народной музыки с позиции формирования межличностных ценностей, таких как дружба, честность, доверие, доброта, благожелательность и совесть. Научная новизна работы заключается в разработке методической модели, адаптированной к формированию нравственных ценностей у обучающихся с нарушением зрения на основе этномузыкального материала. Практическая значимость исследования состоит в возможности применения предложенных методик на уроках музыки, в кружках и в системе дополнительного образования. Исследование было проведено с опорой на классификацию ценностей А.А. Радугиной, а также на положения музыкального образования и специальной педагогики.

Человек получает основную часть информации об окружающем мире через зрительное восприятие. Однако при нарушении зрения ведущую роль в познании начинают выполнять другие анализаторы, прежде всего слуховой. Слушание становится одним из ключевых механизмов познавательной деятельности детей с нарушением зрения. В этой связи творческий характер уроков музыки открывает широкие возможности для обучающихся с особыми образовательными потребностями. В процессе восприятия музыкального произведения слабовидящие учащиеся обращают внимание на его содержание, образно-художественные особенности, эмоциональное настроение, переданное через звук. На основе прослушанного материала у учащихся развиваются навыки выражения собственного мнения, понимания музыкального образа и осмысления его содержания. Этот процесс способствует не только развитию слухового восприятия, но и формированию нравственных ориентиров, а также расширению духовно-культурного кругозора посредством народной музыки.

Ключевые слова: этномузыка, нравственные ценности, специальное образование, слабовидящие учащиеся, педагогические условия, народная музыка, межличностные отношения, воспитательное воздействие

PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR THE FORMATION OF MORAL VALUES OF VISUALLY IMPAIRED STUDENTS THROUGH ETHNOMUSICOLOGY

*Darkembayeva A.B.¹, Rysbekova R.M.², Ibraimova A.K.³

*¹ Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

^{2,3} Kazakh National Women's Teacher Training University,
Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article addresses the issue of developing moral values in 3rd–4th grade students with visual impairments, including those with low vision, through Kazakh folk music. The aim of the study is to determine the pedagogical conditions for utilizing the educational potential of folk music as a means of moral education within the system of special education. The study includes an analysis of the content of Kazakh folk music from the perspective of forming interpersonal values such as friendship, honesty, trust, kindness, benevolence, and conscience. The scientific novelty of the work lies in proposing a methodological model adapted for the formation of moral values in students with visual impairments, based on ethnomusic materials. The practical significance of the study lies in the applicability of the proposed methods in music lessons, extracurricular activities, and supplementary education programs. The research is grounded in A.A. Radugina's classification of values, as well as in the principles of music education and special pedagogy

Humans receive the majority of information about the world through visual perception. However, when visual function is impaired, other analyzers, primarily the auditory one, begin to play a leading role in the cognitive process. Listening becomes one of the key mechanisms in the learning activity of children with visual impairments. In this regard, the creative nature of music lessons offers extensive opportunities for students with special educational needs. While listening to musical works, students with low vision focus on the content, figurative and artistic features, and the emotional atmosphere conveyed through sound. Based on the listening material, they develop skills in expressing personal opinions, understanding musical imagery, and comprehending content. This process not only enhances auditory perception but also contributes to the formation of moral orientations and broadens their spiritual and cultural worldview through folk music.

Keywords: ethnomusic, moral values, special education, visually impaired students, pedagogical conditions, folk music, interpersonal relationships, educational impact

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 25.06.2025.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.03.2026.*

Авторлар туралы мәлімет:

Даркембаева Асия Бектуровна – докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: muza4740@mail.ru

Рысбекова Рысжан Мырзашевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: Ryszhan_rysbekova@mail.ru

Ибраимова Аяулым Кегенбаевна – магистр, оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: ibraimovaayaulym@mail.ru

Информация об авторах:

Даркембаева Асия Бектуровна – Докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: muza4740@mail.ru

Рысбекова Рысжан Мырзашевна – Кандидат педагогических наук, старший преподаватель, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, e-mail: Ryszhan_rysbekova@mail.ru

Ибраимова Аяулым Кегенбаевна – магистр, преподаватель, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, e-mail: ibraimovaayaulym@mail.ru

Information about authors:

Darkembayeva Assiya - Doctoral student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: muza4740@mail.ru

Rysbekova Ryszhan - Candidate of Pedagogical Sciences, senior lecturer, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: Ryszhan_rysbekova@mail.ru

Ibraimova Ayaulym - Master of Education, lecturer, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: ibraimovaayaulym@mail.ru